

"Кентауликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының алдындағы кредиторлық берешегін өтеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 30 қыркүйек N 1485

"Кентауликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 1048 Р991048_ қаулысына сәйкес және "Кентауликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кредиторлық берешегін өтеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 Р990569_ қаулысымен құрылған Комиссияның "Кентауликвидрудник" республикалық мемлекеттік кәсіпорнының берілген электр энергиясы үшін "KEGOC" электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компаниясы" ашық акционерлік қоғамының алдындағы 216 693 000 (екі жүз он алты миллион алты жүз тоқсан үш мың) теңге сомасындағы кредиторлық берешегін өтеу туралы ұсынысына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі "Кредиторлық берешекті өтеуді ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 13 мамырдағы N 569 қаулысымен бекітілген тәртіппен жоғарыда көрсетілген кредиторлық берешекті өтеу жөнінде есеп айырысулар

жүргізуді қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі О.Ә.Жандосовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК